



БҰЙРЫК

20.04.2023

Ерейментау қаласы

ПРИКАЗ

№ 177

Ерейментау қаласы

**2022-2023 оқу жылын аяқтау  
және орта білім беру ұйымдарында  
білім алушыларды қортынды  
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін  
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі № 88 бұйрығына сәйкес және Акмола облысы білім басқармасының 2023 жылғы 13 сәуірдегі №172 бұйрығы негізінде сондай-ақ меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын.

2. 9 (10) сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін.

3. 11 (12) сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары – 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін.

**II. Қортынды аттестаттауды өткізудің мынандай мерзімдері бекітілсін:**

**9 (10) сынып оқушыларына емтихан өткізу күндері:**

1) қазақ/орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2023 жылғы 2 маусым;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2023 жылғы 6 маусым;

3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2023 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2023 жылғы 13 маусым;

11 (12) сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 5 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 8 маусым;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2023 жылғы 12 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2023 жылғы 15 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет-тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2023 жылғы 19 маусым.

**III.** Аудандық білім беру ұйымдарының директорлары осы бұйрықтың, сондай-ақ «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қортынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының талаптарына сәйкес оқу жылының аяқталуын қамтамасыз етсін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5191 болып тіркелген).

**IV.** Аудандық әдістемелік кабинетіне (Ш.Бекбаева) 2022-2023 жылы оқу жылын аяқтауды ұйымдастыру және білім беру ұйымдарында білім алушыларды қортынды аттестаттауды өткізуді қамтамасыз етсін.

**V.** Осы бұйрықтың орындалуын бақылау аудандық әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Ш.Бекбаеваға жүктелсін.

Аудандық білім беру  
ұйымының меңгерушісі



С.Куркина



Выписка из протокола заседания педагогического совета №4  
КГУ «Общеобразовательная школа села Еркиншилик отдела образования по  
Ерейментаускому району управления образования Акмолинской области»  
от «24» марта 2023 г.

Председатель – Исатаева Бакит Гапбасовна  
Секретарь – Жунусова Назгуль Сержановна  
Присутствовали: 70 человек.

Повестка дня:

Об освобождении от прохождения итоговой аттестации.

Слушали заместителя директора по УВР Байтасову Ш.Ш. Она сказала, что согласно приказу МОН РК от 18 марта 2008 года № 125 обучающиеся 9 и 11 классов освобождаются от итоговой аттестации приказами руководителей управлений образования в следующих случаях: 1) по состоянию здоровья; 2) инвалиды I-II группы, инвалиды детства, дети-инвалиды; 3) участники летних учебно-тренировочных сборов, кандидаты в сборную команду Республики Казахстан для участия в международных олимпиадах (соревнованиях); 4) смерти близких родственников (родители, дети, усыновители, усыновленные полнородные и неполнородные братья и сестры, бабушка, дедушка); 5) чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера. В 2022-2023 учебном году от итоговой аттестации обучающихся за курс основного среднего образования освобождается ученица 9 «Ә» класса Жанибек Мәлдір Шоханқызы, обучающаяся на дому по специальной программе для детей с умеренной умственной отсталостью. Основанием являются следующие документы:

- справка об инвалидности №2541068 от 04.04.2022 г.;
- Заключение ВКК № 576 от 16.11.2022 г.

Решение:

Ходатайствовать перед ГУ «Отдел образования по Ерейментаускому району Управления образования Акмолинской области» об освобождении от итоговой аттестации обучающуюся 9 «Ә» класса Жанибек Мәлдір Шоханқызы на основании справки об инвалидности №2541068 от 04.04.2022 г. и заключения ВКК № 576 от 16.11.2022 г.

Председатель педагогического совета:



*Исатаева Б.Г.*

Исатаева Б.Г.

*Жунусова Н.С.*

Жунусова Н.С.

Секретарь: